

## Аудармасы

А.Беляевтің "Қос мекенді адам" романын қазақ тіліне аударған.

М.Сәрсекке өзі сүйіп оқитын А.Беляевтің «Человек-амфибия» романын «Қос мекенді адам» деген әсерлі де бейнелі атаумен қазақша аударған. Өзі де тың идеялар тауып, осы жанрға тұсаукесер болар шығармалар жазуға талаптанды. Соның бірі- 1960 жылы жарық көрген «Көрінбестің көлеңкесі» атты ғылыми-фантастикалық хикаяты. Ғылыми-фантастикалық шығармалардың әйгілі майталманы Жюль Верн өз туындыларын «ғылым жайындағы романдар» деп атаған. Шындығында, осы жанрдың төл шығармаларының анасы- қиял да, атасы- ғылым. Жаңа хикаятында Медеу Сәрсекке Кенбі тауында жанартау атқылауын негіз етеді.

Адамзат қиялының ғажайып шексіздігін танытатын Медею Сәрсекке шығармашылығының бірегейі, шоқтығы биігі, газа фантастикасының үздігі де «шытырман оқиғалы ғылыми- қияли хикаят» деген анықтамамен жарық көрген «Жетінші толқын» туындысы. Кезінде бұл хикаят орыс тіліне аударылып, жүз мың таралыммен Кеңес Одағының шартарабына таратылады. Ана тілінде де 1965-2004 жылдар аралығында үш дүркін мындаған таралыммен қайыра басылып, былайша айтқанда, жеткіншек оқырманның төрт-бес ұрпағына рухани азық болған шығарма.

Қазақ әдебиетіндегі ғылыми-фантастикалық жанрдың көш басында болып, оның өрістеуіне үлес қосқан қаламгердің «Көрінбестің көлеңкесі», «Жетінші толқын» қияли хикаяттары, техника кереметін қарапайымдап түсіндірген «От және атом» атты кітабы да ұлтымыздың оқырманы қолынан түсірмей, сүйіп оқитын шығармаларына айналды.